

**»» УН ҚОСУ**

**2022 жылдың 5 қаңтары Қазақстан тарихында қаралы күн ретінде қалады. Елде жыл басында әлеуметтік мәселелерін талап етіп шыққан жаңаөзендіктерді қолдаған басқа өңірлердегі халық шеруі аяқ астынан қарулы бүлікке айналып кетті...**

Елімізде болған бұл келеңсіз құбылыстың болуы және оның қорытындылары туралы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтар күні Қазақстан халқына үндеу жариялады.

Тәуелсіздік тарихында біз қоғамдық дамуда ең қатты тоқырауға ұшырадық. Бұл саяси құрылымда да, экономикалық дамуда да, халықтың әлеуметтік жағдайында да кешіктірілген реформалардың нәтижесінде болды.

Мемлекет басшысы елімізде болған жағдайды және оның салдарынан болған құбылыстарды талқылай келе, оның себептерін саралап, республиканың жаңа үкіметі мен халқының алдында тұрған осындай қиын жағдайдан шығу үшін жаңа мақсаттар мен міндеттерді белгілеп берді.

Республикамыздың көптеген аймақтарында, әсіресе Алматыда болған жағдайды алдын ала ойластырылған, дайындалған іс-әрекет деп санауға болады. Біз қазақ «қашан-

# РЕФОРМА – уақыт талабы

да сөзінде тұрған халықпыз». Оған Жаңаөзендегі тыныш шеруге шығып өз талаптарын билікке жеткізіп, қойған талаптарына қол жеткізгендер мысал бола алады. Бірақ басқа өңірлерде болған тәртіпсіздік салдарынан, адамгершілікке жат әрекеттер нәтижесінде қызмет борышын өтеп жүрген жас жігіттер ажал құшты. Қанша тыныш жүрген азаматтар, жас балаларға оқ тиіп қайтыс болды.

Елімізде 10 қаңтар ұлттық азаттуу күні деп жарияланды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қайтыс болған сарбаздардың отбасыларына көңіл айтып, оларға мемлекеттік көмек беруді тапсырды. Қысқа мерзім ішінде мемлекетіміздегі қаржы, көлік, азық-түлікпен қамтамасыз етуді тәртіпке келтіру және олардың бағаларының өспеуін қадағалау республиканың жаңа үкіметіне тапсырылды. Елімізде конституциялық құқыққа ие болған кіші және орта бизнеске көмек беруді халықтың әлеуметтік жағдайын көтерудің негізгі саласы деп белгіледі.

Мемлекет функцияларының бірі өз азаматтарын жұмыспен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл салада да жаңа жоспарлар белгіленді. Білім беру мен мамандар даярлауда да нарықтық экономика мүддесі болуы қажет. Президенттің шетелдік 5 оқу орнының филиалдары ашылады, олардың негізгі бағыты техникалық мамандықтар болады деп айтқанында да үлкен мән жатыр. Қазіргі технологиялық даму заманында заман талабына сай инженер-конструкторлар қажет.

Президенттің техникалық мамандықтарды дайындауға мемлекеттің көңіл бөлуі қажет деген тұжырымы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет ұжымы алдына да жаңа талаптарды қояды. Осы үндеуде республикамыздың экономикасында өзінің өлшеусіз орны бар ауыл шаруашылығына да көңіл бөлінген. Ауылға субсидия бөлуді қайта қарау тапсырылды. Себебі мемлекет бөлген ауыл субсидиясы ауылға жетпей жатқандығы баршаға мәлім. Оны жа-

сырудың еш қажеті жоқ. Қазіргі кезде мемлекеттік органдар макулатура жинаумен әуре болып жүр, олар тек қағазда бар, амалда жоқ, орындалмаған жұмыстар деп сынға алды. Сондықтан да есептер онлайн формаға өтуі қажет екендігін айтты.

Қазіргі қоғамда соңғы жылдары жастардың санасының қалыптасуында үлкен орын алатын оқытушының орны мен міндеттеріне оң баға беруге көңіл бөлінгені құптарлық жағдай. Осы мәселені дамыту үндеуде орын алған. Жоғарыда аталған мәселелерді шешуде қаржылық қолдау көрсетуге арналған «Қазақстан халқына» атты фонд құрудың өзі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға қызмет жасайды деп сенеміз.

Жалпы қорытындылай келе, мемлекетіміздегі қоғамдық реформалар Қазақстан қоғамында мемлекеттің азаматтық қоғамға бет бұруы деп санаймыз. Бұл Қазақстанда жаңа дәуір басталуының нышаны деп білеміз.

**У.АЛИЕВ,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының доценті,  
Т.ғ.к.,  
Г.ҚАПБАРОВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ магистр оқытушысы**